ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



# Asian journal "STEPPE PANORAMA"

2025. 12 (2)

ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)
*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2025
© Авторлар ұжымы, 2025

**БАС РЕДАКТОР**

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА**

**Аутрам Алан (Outram Alan) —** археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

**Аширов Адхамжон Азимбаевич —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

**Әбіл Еркін Аманжолұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

**Әлімбай Нұрсан —** тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнологияинститутының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті, (АҚШ)

**Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

**Кригер Виктор (Kriege Viktor) —** тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) —** тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

**Сабурова Татьяна —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander) —** PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

**Муминов Әшірбек Құрбанұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениетғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas) —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы –** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

**ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР**

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы —** тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР**

**Қапаева Айжан Тоқанқызы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих жәнеэтнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Кубеев Рустем Жаулыбайұлы —** Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ**

**Копеева Сания Жуматайқызы —** магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері.(Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)
*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации:
№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография, археология, этнология, антропология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.
*Адрес редакции и издательства:*
050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28
РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
Сайт журнала: https://edu.e-history.kz

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2025
© Коллектив авторов, 2025

## ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

## РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Абиль Еркин Аманжолович** — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)
**Алимбай Нурсан** — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)
**Аутрам Алан (Outram Alan)** — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)
**Аширов Адхамжон Азимбаевич** — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)
**Вернер Синтия (Werner, Cynthia)** — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)
**Дайнер Александр (Diener Alexander)** – доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)
**Исмагулов Оразак Исмагулович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)
**Кокебаева Гульжаухар Какеновна** — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)
**Кригер Виктор (Kriege Viktor)** — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)
**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)
**Муминов Аширбек Курбанович** — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür AraştırmaMerkezi. (Турция)
**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle)** — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)
**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет. (Литва)
**Сабурова Татьяна** — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)
**Таймагамбетов Жакен Кожахметович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

## ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна** — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

## НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

**Капаева Айжан Токановна** — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института историии этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).
**Кубеев Рустем Джаулыбайулы** — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

## ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

**Копеева Сания Жуматаевна** — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)
*Founder and publisher*: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.
*Editorial and publisher address:*
28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan
RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
Journal website: https://edu.e-history.kz

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2025
© Group of authors, 2025

**EDITOR-IN-CHIEF**

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

**EDITORIAL BOARD**

**Abil Yerkin Amanzholovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK.(Kazakhstan)
**Alimbay Nursan —** Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History andEthnology. (Kazakhstan)
**Azimqulov Javohir —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)
**Diener Alexander** – Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)
**Ismagulov Orazak Ismagulovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)
**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna —** Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)
**Kriege Viktor —** Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)
**Morrison Alexander —** PhD, Professor, University of Oxford. (UK)
**Muminov Ashirbek Kurbanovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for IslamicHistory, Art and Culture. IRCICA (İslвm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)
**Ohayon Isabelle —** Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)
**Outram Alan —** Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)
**Rimantas Želvys —** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)
**Saburova Tatiana —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)
**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)
**Werner, Cynthia —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

**EXECUTIVE EDITOR**

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna —** Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikahnov Institute of Historyand Ethnology (Kazakhstan).

**ACADEMIC EDITOR**

**Kapaeva Aizhan Tokanovna—** Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of Historyand Ethnology. (Kazakhstan)
**Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly —** researcher at Ch.Ch. Valikahnov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**TECHNICAL SECRETARY**

**Kopeyeva Saniya Zhumataevna —** Master’s, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ / ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ / HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 2, pp. 327-342, 2025
Journal homepage: https://edu.e-history.kz

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_2_327-342

# THE BATTLE OF THE SHURSHITQYRYLGAN IN THE HISTORICAL MEMORY OF THE PEOPLE

*Mahsat Alpysbes*[1]

[1]L.N. Gumilyov Eurasian National University
(2, Satpayev Str., 010000 Astana, Republic of Kazakhstan)
Doctor of Historical Sciences, Professor
https://orcid.org/0000-0001-5670-251X. E-mail: alpysbes_ma@enu.kz

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025
© Alpysbes M.A., 2025

**Abstract.** *Introduction*. One of the most significant historical events of the 18th century is the battle that took place at the headwaters of the Shiderti River in Central Kazakhstan, known as Shurshutqyrylgan. *Shūrshūt* refers to the Manchu dynasty that ruled China from 1644 to 1913. Studying the history of battles and wars fought on Kazakh soil in defense of the homeland is essential for clarifying the locations of key military sites and preserving places of historical memory. Such history reflects the heroism of the Kazakh people, their resistance to enemies and foreign invaders, and their enduring strength, honor, and determination in safeguarding their homeland and territorial integrity for centuries. *Relevance*. The scholarly study of the Battle of Shurshutqyrylgan is especially important for preserving the collective memory of the Kazakh people’s defense of their lands. It also supports the establishment of historical monuments and the identification of key historical sites for cultural tourism. In particular, examining the heroic deeds of ancestors helps to honor their legacy, internalize their moral and ethical values, foster historical awareness, and educate younger generations. *Purpose and Objectives*. This study of the Kazakh-Qing battle in the Shurshutqyrylgan region aims to explore the connection between collective historical memory, regional toponymy, and documented historical facts. The research includes an analysis of primary sources, topographic maps, historical landscapes, and oral histories. *Methodology*. The study utilizes a combination of historical analysis and ethnographic fieldwork. Key sources include chronicles, maps, letters, official documents, and oral traditions preserved in Kazakh genealogical records (shezhire). Field methods involved interviews, surveys, topographic analysis, and the collection of genealogical and memory-based data. *Results*. Based on the collected historiographic and documentary evidence, the study concludes that the battle at Shurshutqyrylgan should be recognized as one of the most important military events in Kazakh history. It demonstrates the continuity of Kazakh military traditions and serves as a foundation for strengthening national identity and patriotism. This is supported by cultural and genealogical heritage, as well as records of military-diplomatic relations involving the Kazakh khans Abilmambet and Abylai, the Dzungars, and the Qing Empire. *Conclusion*. The research identified specific historical locations tied to the battle and highlighted the importance of establishing a modern memorial complex to commemorate this event.

**Keywords**: History, genealogy, military tradition, Manchus, Dzungars, Shurshutqyrylgan, Kazakh Khanate, Qing Dynasty, Olzhabay Batyr, Abylai Khan
**For citation:** Alpysbes M.A. The battle of the shurshitqyrylgan in the historical memory of the people // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 2. Pp. 327–342. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_327-342

## ШҮРШІТҚЫРЫЛҒАН ШАЙҚАСЫ ХАЛЫҚТЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫСЫНДА

*Алпысбес Махсат Алпысбесұлы*[1]

[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті
(2-үй, Сәтпаев көш., 010000 Астана, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының докторы, профессор
https://orcid.org/0000-0001-5670-251X. E-mail: alpysbes_ma@enu.kz

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025
© Алпысбес М.А., 2025

**Аңдатпа.** *Кіріспе.* XVIII ғасырда орын алған маңызды тарихи оқиғалардың бірі – Шүршітқырылған шайқасы. Шүршіт дегеніміз 1644–1913 жылдар аралығында Қытайды басқарған маньчжурлердің билеуші әулетінің аты. Қазақ жерінде орын алған ел қорғаудағы шайқастардың тарихын зерттеу мәселесі халық ерлігінің көрінісі. Сырттан келген жауға тойтарыс беру тарихын көрсететін шайқастар тарихы қазақ халқының сан ғасырлар бойы өз елдігін сақтауда көрсеткен табандылығын, намыстылығын, өжет, қайсар мінезін көрсетеді. *Өзектілігі.* Шүршітқырылған шайқасын ғылыми зерттеу өзектілігі, қазақ елінің жауласқан жаулардан жерін қорғау тарихының даңқты оқиғаларын халықтың ұжымдық жадыда сақтауы, тарихи-мемориалдық ескерткіштер орнатуға, туризм үшін маңызды тарихи орындарын анықтау қажеттілігімен байланысты. Әсіресе, өскелең ұрпақ тәрбиесі үшін өткен замандағы ата-бабалардың ерлік істерін дәріптеп, өнегелік қызметін ашу үшін, тарихи сана қалыптастыру мен білім беру үшін зерттеу керек. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері.* Шүршітқырған шайқасы тақырыбын зерттеу халықтың тарихи жады, тарихи топонимикасы мен тарихи дерек фактілері арасында байланысын анықтау. Ол үшін дерек көздерін зерттеу, топографиялық карталар мен тарихи ландшафтты, және ауызша тарихи деректерді зерттеу міндеттері қойылған. Зерттеу жолы – осы тарихи оқиғаға қатысты тарихи фактілерді бір жүйеге келтіру мақсаты үшін тарихи дерек көздерін талдау. Оның ішінде жылнамалық, картографиялық, эпистолярлық, ресми құжат деректері, және ұжымдық халық жадысы ретінде жалғасын тапқан ауызша тарих мұралары. Ауызша тарихтың сақталу қалпы – шежірелік дәстүр аясында өмір сүретін тарихи аңыз-әпсаналар мен шежірелік тұлалардың ата-тектері. Тарихи зерттеу әдістері ретінде далалық ғылыми-этнографиялық экспедиция ұйымдастыру барысында түздік зерттеу жүргізу үшін сұқбат алу, топографиялық карталардың деректерін пайдалану, сыртқы және ішкі деректемелерді талдау, шежірелік жәдігерлерді анықтау, тарихи жады мәліметтерін айқындау жасалды. *Нәтижелер.* Зерттеу нәтижесінде тарихнамалық және тарихи деректермен тұжырымдар жасалды – Шүршітқырылған шайқасы ел тарихы үшін маңызды оқиғалардың бірі ретінде танылуы тиіс, қазақ халқының әскери өнері мен дәстүрінің жалғастығын көрсету, мемлекетшілдік пен отаншылдық сезім тәрбиелеудің құралы болуы керек. Ол мәндерді айғақтайтын қазақ халқының шежірелік мұралары, Әбілмәмбет пен Абылай хандар бастаған Қазақ хандығының Жоңғария және Цин патшалығы арасында әскери-дипломатиялық қарым-қатынастың ресми құжаттары, өзге елдердің тарихи дерек көздері. *Қорытынды.* Зерттеулер барысында Шүршітқырылған шайқасының тарихи орны мен оның ландшафтық ерекшеліктері анықталды. Тарихта болған оқиғаға арнап тарихи-мемориалдық кешен тұрғызылу мәселесінің өзектілігі айғақталды.

**Түйін сөздер:** Тарих, шежіре, әскери өнер, Шүрштіқырған шайқасы, Қазақ хандығы, Цин патшалығы
**Дәйексөз үшін:** Алпысбес М. Шүрштіқырылған шайқасы халықтың тарихи жадысында // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 2. 327–342 бб. (Қазақш.).
DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_327-342

## БИТВА ШУРШУТКЫРЫЛГАН В ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ НАРОДА

*Алпысбес Махсат Алпысбесұлы*[1]

[1]Евразийский университет имени Л.Н. Гумилева
(д. 2, ул. Сатпаева, 010000 Астана, Республика Казахстан)
Доктор исторических наук, профессор
https://orcid.org/0000-0001-5670-251X. E-mail: alpysbes_ma@enu.kz

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025
© Алпысбес М.А., 2025

**Аннотация.** *Введение.* Одним из важнейших исторических событий XVIII века является история битвы при верховьек реки Шидерти в Центральном Казахстане, под званием Шуршуткырылган. Шуршут – это название маньчжурской династии, правившей Китаем в 1644–1913 годах. Изучение истории событий битв и войн по защите Родины, происходивших на казахской земле, является важным в связи с необходимостью выяснения локализаций исторических мест боевых сражений, и выявления мест исторической памяти. История сражений отражают героизм народа, показывают историю противостояния, отпора врагам и иноземных захватчикам, демонстрирует стойкость, честь и стойкий характер казахского народа в сохранении своей Родины, границ и территорий на протяжении веков. *Актуальность.* Актуальность научного изучения битвы при Шуршиткырлыге связана с необходимостью сохранения в коллективной памяти народа славных событий истории обороны казахским народом своих земель от враждебных нападков, установления историко-мемориальных памятников, выявления важных исторических объектов для туризма. В частности, необходимо тщательно изучать славные деяния наших предков в прошлом для прославления их подвигов, усвоения их морально-нравственных ценностей, формирования исторического сознания и образования в целях воспитания подрастающего поколения. *Цель и задачи исследования.* Исследование темы казахо-цинского сражения в местности Шуршиткырган направлено на выявление прямой связи между исторической памятью народа, исторической топонимикой края и историческими фактами. Это включает в себя исследование источников, изучение топографических карт и исторического ландшафта, а также изучение данных устной истории. *Метод исследования* – анализ исторических источников с целью систематизации имеющихся исторических фактов, связанных с данным историческим событием. К ним относятся летописные, картографические, эпистолярные, данны официальных документов, а также историческое наследие, сохранившееся в виде коллективной памяти народа. Сохранение устной истории – это исторические предания и сказания, которые живут в рамках шежире казахов, и их генеалогических знаний. В качестве методов исторического исследования при организации полевой научно-этнографической экспедиции использовались интервьюирование, с целью проведения опросного изучения, использования данных топографических карт, анализ внешних и внутренних источников, выявление генеалогических сведений, выявление данных исторической памяти. *Результаты.* В результате исследования на основе историографии и исторических фактов источников были сделаны следующие наиболее важные выводы – сражение в местности Шуршиткырылган следует признать одним из важнейших событий в истории страны, демонстрирующим преемственность военного искусства и традиций казахского народа, служащим средством воспитания чувства

государственности и патриотизма. Об этих ценностях свидетельствуют историко-культурное и генеалогическое наследие казахского народа, официальные документы по военным и дипломатическим отношениям Казахского ханства во главе с ханами Абильмамбетом и Абылаем, Джунгарии и Цинской империи, а также исторические источники других стран. *Заключение*. В ходе исследований были вновь локализованы исторические точки места битвы в местности Шуршиткырылган, показана актуальность вопроса создания современного историко-мемориального комплекса, которая посвящена этому историческому событию.

**Ключевые слова**: История, генеалогия, военное искусство, манчжуры, джунгары Шуршиткырылган, Казахское ханство, династия Цин, Олжабай батыр, Абылай хан, битва
**Для цитирования:** Алпысбес М. Битва шуршуткырылган в исторической памяти народа // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 2. С. 327–342. (На Каз.).
DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_327-342

## Кіріспе

Шүршітқырылған шайқасының тарихи маңызын көрсететін дерек көздеріне – халық аңыздары, батырлық жырлар, ата-тек шежірелері, карталар, ауызша әңгімелер, халық жадында сақталған естеліктер, жазба деректемелер жатады. Мысалы, Әлихан Бөкейханның дайындаған *Қазақтың жерлерді пайдалану материалдары* атты зерттеу еңбегінде *Шүршітқырылған шайқасына* байланысты жер аты туралы дерек келтіріледі. Бұл арадағы *шүршіт* ұғымын қазақтар кейде қытайларды атау үшін қолданған болса, ал кейде оны қалмақтарды атауға да *шүршіт* сөзін қолданған сияқты. «Павлодар уезі аумағындағы қазақтар мен қалмақтар арасында орын алған күрес мәңгілік ескерткіштер өзеннің жоғарғы ағысында қалады. Уездің оңтүстік-батыс бұрышы тұсындағы Шідерті Баянауыл сыртқы округінің оңтүстік-шығысындағы Шүршітқырылған шоқысы мен Қалмаққырған тауы. Тар мағынада қазақтар қытайларды «шүршіт» деп атайды, бірақ олар бұл атауды қалмақтарға да жиі қолданады. «Қырмақ» етістігінен шыққан «қырған» дегенді білдіреді. «Шүршіт-қырған» және «Қалмақ-қырған» еркін аудармасында қалмақтардың жеңілген жерін немесе қалмақтардың қырғынын білдіреді. (Материалы по киргизскому землепользованию, 1908; 8). Сонымен, Павлодар уезінің Бала Шідерті өзенінің жоғарғы ағысында Шүршітқырылған шоқысы және Қалмаққырылған тау аңғары жайғасқан. Бұл Бала Шідерті суы Қазақстанның кіндік тұсында, Сарыарқа жоталарында ағып жатқан өзендердің бірі, арнасының бір бөлігіне өткен ғасырда Ертіс-Қарағанды су каналы салынған.

2004 жылы және 2022 жылы жүргізген далалық зерттеулердің барысында жасалған этнографиялық барлауларда Шүршітқырылған шайқасы орнына қатысты жергілікті тұрғын өкілдерімен сұқбаттар жасалды. Тұрғылықты ақпарат берушілер осы шоқыны бұрынырақ саудагер сарт пен азды-көпті керуеншілер мен базаршылардың кепкен жүзім мен шабдалы құрағанын саудалайтын жері болғанын көрсеткен еді, дейді дерек беруші Кәрім қария.

Қосуга Шүршіт оба жері жырақ,
Естуім көпайтуым шағынырақ,
Шүршітің көшіп-жүрген кезде,
Қандыадыр жерінде қырған бірақ, - деп жырланады (Алпысбес, Аршабеков, 2005: 168).

Бірақ бұл мәлімет XIX ғасыр соңы – XX ғасыр басына қатысты осы төңіректе өткен сауда-керуен жолына байланысты. Одан өзгеше берілген мәлімет бойынша, Шүршіт төбесімен қатар Қандыадыр төбелерінің арасындағы жазық жерлері Цин патшалығы әскері мен қазақ жасақтары арасындағы қақтығыстары болған орын (Ахметов, 2022).

Далалық зерттеулер көрсеткеніндей, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын естелік әңгімелердің өзі халықтың ұжымдық жадысында бір тарихи маңызды орынға байланысты естеліктер әрқашан тұрақты түрде жалғасатынын көрсетеді. Бұл мәліметтердің тарихи құжаттар жинағы беттеріне жарияланған деректерге қатысы жоқ, өйткені этнографиялық зерттеу барысында сұхбат берушілердің мәліметтері жергілікті тұрғындардың қариялары айтып келген дерегі негізінде жеке арна болып жалғасын тапқан. Мәлімет берушілер орыс ресми деректерінен, немесе қытай деректемелерінен еш хабары жоқ адамдар. Алайда қариялардың айтылған

естеліктері болған оқиғаның нақты қай жерде орын алғанын баяндап отырған. Тарихи жады құдіреті сондай.

Шүршітқырылған топонимдік жер-су аты болғанымен, тарихи оқиғаға қатысты қойылған нақты тарихи топоним. Қазіргі уақытта бұл жер аты – Жақсы Қандыадыр, Жаман Қандыадыр, Шыбынды көлі, Бала Шідерті атауларымен қатар аталады, өйткені бұл қатар орналасқан шоғырлы жерлер. Шүршіт/чурчут сөзі қазақтардың қара қытай мәнжуге қойған аты. Тарихи жағынан чжурчжэн деген халық атының өзгергені ғана. Ономастикалық сөз жасалымда шүршіттер деген атауға қатысқан, тарихта Цин патшалығы қытайлары өз шекарасын күзетуге мәнжуды (сибелерді) жалдағаны белгілі» (Бияров, 2013: 335). Қазақ жер-су деректерінде тек ауызекі сөз орамында ғана *қырылған* термині шолақ түрде *қырған* болып өзгереді. Жазбаша дереккөздерде әлі күнге дейін *Шүршітқырылған* емес, *Шүршітқырған* деп қолдануда. Былай атау дұрыс емес. Мысалы, *Қалмаққырылған* атауы да әдетте ауызекі үлгідегі *Қалмаққырған* делінеді. Сондықтан, бұл жазба еңбекте біз атаудың өз мәніне сай толық нұсқасын қолданамыз.

Шүршітқырылған шайқасы туралы жазылған зерттеу жоқ, себебі кеңестік кезең ғылыми тарихнамасында бұл қаралмаған тақырыптардың бірі. Бірақ бұл шайқастың маңызды орны кезінде болған Атлах шайқасынан кем емес. 751-ші жылдан мың жыл өткен соң, 1756 жылы қазақ даласына қайта көз тіккен ханзудің қаупінің бетін қайтарған оқиға болды. Жоңғария өзі ішінде үлкен дүрбелеңге түсіп, қонтайшы тағы үшін өзара күрес басталған уақытта, күш алған Цин патшалығы сол шешуші кезеңді пайдаланып, сегіз тулы қалың әскерімен соққы беріп, Жоңғар хандығының тас-талқанын шығарды. Тарих сахнасынан бұрынғы Моғолстан жеріне тарихи мұрагерлік етуді көздеген ойрат, торғауыттардың мемлекетінің күлталқаны шықты. Онымен қоймай, Цин патшалығы жоңғарлардың басқыншылық жасап, басып алған Қазақ хандығының бұрынғы жерлерін де өз қоластына қаратуды өз мұрат қылды.

Енді сол кезде Цин патшалығын басқарған Цяңлүн туралы нақты ақпарат берейік. Цяңлун, оның жеке аты Хун Ли, 1711–1799 жылдары өмір сүрген, 1736–1796 жылдары Цин патшалығының 6-шы билеушісі болды. *Цяңлун* сөзінің мағынасын *Аспанның әсемденуі* өкімет атына айналдырылған мағлұмдама. Цяңлун Инчжэнь патшаның төртінші ұлы еді, оның билігі тұсында ерекше белсенді сыртқы саясат жүргізілді. 1759 жылы ол атасы бастаған істі аяғына дейін жеткізе алды: Сюанье патша Жоңғар хандығымен соғысып, көп халқын жойды. 1759 жылы Цин империясы өз билігін Шығысқа қарай кеңейтіп, Түркістан және оның іргелес аймақтарға дейін билігіне қаратпақ болды (Кузнецов, 1980).

1792 жылы гурктарды жеңгеннен кейін Тибетті өз боданына айналдырып, Цин империясы өзінің жер аумағының кеңеюіне жол ашты. Бирманы басып алу үшін 1765–1769 жылдары төрт әскери соғыс әрекетін жасады, бірақ ауыр жеңіліспен аяқталды. Вьетнамдағы алғашқы сәтті жорық 1788–1789 жылдары мәнжулер жасағының жеңіліске ұшырауына соқтырды. Цяңлун мәнжулердің мәдениетін сақтап қалу үшін күресіп, 1747 жылы оның бұйрығымен Айсин Киоро әулеті рәсімдері жиынтығы құрастырылды. Өзі Тибет буддизмінің белсенді қолдаушысы болды. Цяңлунның бұйрығымен қытай жазба мұрасының ең үлкен жинағы *Төрт қойма кітаптарының толық жинағы (Сику цуань шу)* 36 мың 381 томнан тұратын кітаптар топтамасы еді, оның мазмұнындағы мәнжуді келеке етер мәтіндер алынып тасталды. Цяңлун сарайына Д. Кастильонді алдыртқан. Соның басшылығымен Юаньмыңюң сарай кешенінде Цяңлунға сарай салынып, еуропалық стильде субұрқақтар жасады. Еуропаға еліктегені болды.

Шүршітқырылған соғысы тақырыбының қазақ-қытай шекарасы мәселесіне тікелей қатысы бар. Әбілмәмбет пен Абылай ханның ұстанған әскери-дипломатиялық саясатының нәтиже берген жері, олардың шығыс тарапындағы Қазақ хандығының Цин патшалығымен өзара шекаралық межелерін бекітіп алуы (Еженханұлы, 2017). Кейін ол келісілген шекараларға орта жолдан Ресей патшалығы кірісіп кетті-дағы, оны Ресей мен Цин патшалықтары аралығында шекара құру мәселесін қазақ жерін қазақ халқының келісімінсіз өз бетімен шекара межелеуге ұласты. Сондықтан, XIX ғасырда қалыптастырылған Ресей мен Цин патшалықтары арасындағы жер межелеп, шекараларды анықтау мәселесінде түрік және

моңғол халықтарының мүддесіне сәйкеспейтін, оларды бөліп алып, билеуге бағытталған халықаралық сыртқы саясатқа жол ашылды, енді қос империалар аз халықтарды таптап-жаншуға ұмтылды.

Қарастырылып отырған кезеңге байланысты қазақ-цин қарым-қатынастары туралы, әрі орыс-қытай қарым-қатынастары туралы тарихи құжаттар жинақтары жарияланып, басылып шығуына байланысты, Шүршітқырылған шайқасына қатысты жан-жақты ғылыми талдаулар жасау мүмкіндігі туындады. Әсіресе Мәнжу тілінде жазылған тарихи құжаттарды зерттеуген ғалымдардың еңбектері өте құнды (Қазақ хандығы мен Цин патшалығы, 2009). Бұл мәселеге орай ішкі дерек көздерін – қазақ шежірелерінің мәліметтерін, ауызша тарих деректерін пайдаланудың да маңызы үлкен. Мысалы, дипломатиялық хат алмасу құжаттары, және т.б. (Сыламханұлы, 2019: 341–347). Мысалы, шекара шебінен кірген Цин патшалығының әскерін сол беттен соққы бермей, қазақ жасақтары неге шегіне отырып, Сарыарқа даласына ертіп әкелді? Бұл әскери кампанияны ұйымдастырған Цин патшалағының стратегиясы қандай болды? Қазақ хандығының билеушілері болып тұрған Әбілмәмбет пен Абылай хандардың көздеген саясаты қандай болды? Қазақ жасағын бастаған қазақ батырларының, хан ақылмандарының жыраулардың, рубасылардың, билердің ұстанған қағидаты қандай болды? Осындай сұрақтар зерттеу үшін қойылып, гипотезалар негізіне айналады.

### Материалдар мен әдіс-тәсілдері

Мақсаты-міндеттері мен ғылыми әдістер бір-біріне өзара байланысты. Зерттеу мақсаты – Шүршітқырылған шайқасы оқиғасына қатысты әр түрлі дерек көздердің мәліметтерін келтіре отырып, он оқиғаның тарихтағы орнына, орналасуына, барысына, қалыптасқан тұжырымдамаларға қатысты ізденістер жасау. Әсіресе бұл мәселені халықтың ұжымдық тарихи жады тұрғысынан қарастыру маңызды. Зерттеу мақсатын іске асыру үшін келесідей зерттеу міндеттері қойылды: Шүршітқырылған шайқасы орнының тарихи-географиялық локациясы туралы тарихи жадыны назарға алып, Шүршітқырылған» орнына зерттеушілік ғылыми сапарын іске асыру, зерттеу нысанына қатысты орналасу жерінде мәлімет жинау, Шүршітқырылған» шайқасы туралы тарихи жады деректерін іздестіру, зерделеу, шайқасқа қатысты тарихи мәліметтер негізінде оның орналасу орнында тарихи сана мен отаншылдық тәрбиесі мақсатында мемориалдық белгі орнату ұсынысын беру. Тарихи зерттеу әдістері ретінде далалық ғылыми-этнографиялық экспедиция ұйымдастыру барысында түздік зерттеу жүргізу үшін сұқбат алу, топографиялық карталардың деректерін пайдалану, сыртқы және ішкі деректерді талдау, шежірелік жәдігерлерді анықтау, тарихи жады мәліметтерін айқындау жасалды. Қолданатын ғылыми әдістер қатарына ауызша тарих әдісі, жалпы ғылыми, жалпы тарихи әдістер, тарихи салыстыру әдісі, сұхбаттау және өлкетанушылардан дерек сұрастыру әдісі, тарихи-танымдық әдіс, тарихи уақыт пен кеңістік мәселесін талдауға алатын тарихи-ретроспективалық әдіс қолданды.

### Талқылау

Тарихи жады феноменінің бірнеше басты ерекшеліктері бар, ең алдымен, ол жады түрі индивидуалды жеке тұлға естелігінен ұжымдық, жалпы қауымдық жады форматына ауысуы және сол арқылы жадының тарихи жады, яғни біршама ұзақ тарихи мерзімде сақталатын естелікке айналатындығы. Екіншіден, халықтың ұжымдық тарихи жадысы накты сол бір ұлт санасындағы өзіндік жеке жады болуы – тарихи өзіндік төл танымға айналуы. Үшіншіден, халықтың ұжымдық тарихи жадысы болуы нәтижесінде тарихтағы маңызды уақиғалардың кейін болса-дағы, оның түрлі жазба мұраларда хатталуы. Төртіншіден, тарихи оқиға куәгері болған бірінші тұлғадан, тарихи оқиғаны көрмеген екінші тұлғаға айтылып берілуі, үшінші және төртінші буындардағы ұрпақтардың *бабам баяндаушы еді,* деген нұсқамен әкеден балаға, ұрпақтан жұрағатқа жалғасып отыратындығы. Бесіншіден, халықтың тарихи жадысында тұрған тарихи оқиғалардың өзге оқиғалармен байланысты әңгімеленіп, өзіндік жады естеліктерінің кешенді жүйесін құратындығы.

Халықтың ұжымдық жады феноменінің басты ерекшелігі – оның негізгі әрі маңызды тарихи оқиғалардың, тұлғаларды, аталымдарды біршама ұзақ уақыт сақтап отыратындығы. Орта есеппен алғанда, уақыт шеңберіндегі өмір сүру аясы, шамамен 250–300 жыл аралықты құрайды. Осы уақыт аралығында шамамен 7–8 атаға дейін ұрпақ алмасатын болса, соншалықты уақыт межесінде тарихи мәдіметтер ауызша айтылып, әңгімеленіп, жалғасуы мүмкін болған. Бірақ ол кезең жазу мәдениетінің онша кең тарамаған, ақпараттардың ең көп бөлігі негізінен ауызша айтылуымен жалғастығын табатын кезеңге тиесілі. Бірақ бұл жазу мәдениеті мүлдем болмады деген сөз емес. Қағаз, сия хат, шаруашылық соңында жүрген адамдардың уақыты жазуға жат уақытта болған жағдай. Сол үшін жады берікітігі маңызды болған. Құрбанғали Халидтің, бұрынғы үлкендердің қары сөзің керек деген тілегі, сол ескі заманның тарихи оқиғалары туралы хабарың болып, халық жадысына қосатын үлесің болу керек деген шежірелік қағидаттардың бірі болған (Халид, 1992).

Тарихи жадыдағы оқиғалардың маңыздысы – хандардың билік құрған уақыты, ел дауы, мал мен жер тартыстары, жаугершілік оқиғалары, жұт жылдары, орын алған шайқастар мен жорықтар. XVIII ғасыр Қазақ хандығы үшін тартысты кезеңге айналды. Батыстан күш алып келе жатқан Ресей империясы, шығыста Жоңғар хандығы, одан кейін Цин империясы бірінен соң бірі қазақ даласын өз билігіне қаратуға мақсаттарын құра бастады. Бұл тартыстың соңы Жоңғар хандығының саяси картадан біржолата жойылып, мемлекеттер қатарынан өшті. Ол жағдай өз алдына Цин патшалығы факторы қауіпін арттырды. Жоңғар хандығын жойылуы бірден қазақ-цин шекаралық қарым-қатынастарды қалыптастыру мәселесін алға шығарды.

Қазақ жерінің әрбір өңірі үшін, өлкесі үшін жаумен бетпе-бет келген осы тұлғалар қосын ертіп, ел бастап, Қазақ хандығы аталатын мемлекеттің іргесін тіктеді, атамекенге иелік етті, ата-баба мұрасын ұрпаққа аманаттау жолында еңбектенді. Төрт ғасырға жалғасқан Қазақ хандығының тарихының тұрақты болуының өзі де осы дәстүрге берік болғандығының нәтижесі деп білу қажет. Сол дәстүрдің бастысы – тарихи жады, яғни халықтың өткен тарихын ел есінде берік сақтау болып табылады. Сол тарихи жадының қызметі әрқашан тарихи жер-су аттары мен тарихи тұлғаларға байланысты. Халықтың аузындағы *Шүрштқырылған* атауы да ел жадысына бекіген атаулардың бірі.

Қазақ даласындағы жоңғарлардың шапқыншылығы ауыр соққы болды. Қазақ жасағы жойқын шайқаста бір сан сарбазынан айрылып, халық үлкен шығынға ұшырады. Әсіресе, Оңтүстік өңірлердегі Арыс, Шыршық, Талас пен Сыр бойын мекендегендердің жаудан қорғануға мұршасы келмеді, ал тірі қалғандар жанын сақтап ата мекенін тастап шығуға мәжбүр болды. Өйткені олар орыстардың қолдауымен мылтық, зеңбірек, пілтелі отқару сияқты сол кездің озық қаруын қолданды. Ал қазақ сарбазының қолында жай қару болды. Нәтижеде жоңғарлар Ташкент, Сайрам мен Түркістан сияқты қалаларды басып алды.

Жоңғарияның билеушілерінің тақ үшін бақталас тартысын өз пайдасына бұруды көздеген манчжурлердің әулеті Цин империясы, Жоңғарияның соңғы қонтайшыларын құрықтағысы келді-дағы, олардың жерлерін толық қосып алуды жоспарлады. XVIII ғасырдың орта шенінде, нақты айтқанда, 1755–1756 жылы, Жоңғариядан қашып шыққан атақты қалмақтың билеушісі Амурсананы іздеп шыққан қытай әскері қазақтың Сарыарқасына бет алып, бір тобы Баянаула төңірегіне келеді. Амурсана бұл кезде қалмақты билеген соңғы ханы еді. Қытай императоры Амурсанаға қалмақ ордасын талқандап, оның қол астындағы жерлерді Цин патшалығының қоластына қаратады деген сенім артқан еді. Амурсана бұл міндетті атқармай, бой тасалап, қазақ даласына жасырынып кеткен. Осы 1756 жылы, Амурсана мен қазақ төрелері бірігіп қытайдың астамшылық істеген менмендігіне қарсы күш қосқан кезі болатын. Бұған Абылай және Әбілқайырдың балалары да бел шешіп кіріседі.

Бұқар Жырау Абылай ханның дұрыс шешім қабылдап, Қытай мен Ресей сияқты алып мемлекеттердің арасында оңтайлы саясатты ұстануына, еларалық дипломатияны сақтауға өте ықпалын тигізді. Ресейдің империялық ниеті мен әрекеттері әшкерелеп, оның қазақты отарлау бағыт алған басқыншылық, аяқ және зұлым саясатынан сақтандырды. Бұқар жырау өзінің *Қилы заман* толғауында былай жырлаған:

*«... Күнбатыстан бір дұшпан,*
*Ақыры шығар сол тұстан.*
*Өзі сары, көзі көк,*
*Діндарының аты поп.*

*Күншығысқа қарайды,*
*Шашын алмай тарайды.*
*Құдайды білмес, діні жоқ,*
*Жамандықта міні жоқ,*

*Затсыз, тексіз бір кәпір,*
*Аузы-басы жүн кәпір,*
*Жемқорға жем беріп,*
*Азды көпке теңгеріп,*
*Ел қамын айтқан жақсыны,*
*Сөйлетпей ұрар ұртына.*

*Бауыздамай ішер қаныңды,*
*Өлтірмей алар жаныңды.*
*Қағазға жазар малыңды,*
*Есен алар пұлыңмен.*
*Солдат алар ұлыңнан,*

*Күндердің күні, Абылай*
*Жаяулап келер жұртыңа.*

*Жағалы шекпен кигізіп,*
*Балды май жағар мұртыңа.*
*Есе бермес өзіңе,*
*Есіктегі құлыңнан – деп толғаған Бұқар жырау* (Бұқар Жырау, 1993: 49).

Осы сөзінде Бұқар жырау алдағы 200 жылдық тарихтың басты сипатын бірақ айтқан. Хан Абылайға кеңесші, ақылман болған Бұқар жырау (1668–1781):

*«...Шүршіт келем деген сөз бар-ды,*
*Көктен түскен төрт кітап,*
*Енжіл атты кәләмда.*
*Егер шүршіт келмесін,*
*Егер шүршіт қаптаса,*
*Алып бір кетер ақтарып,*
*Көмулі көрден денеңді.*
*Шүршіи келсе Сырға көш*
*Ішетұғын суы бар.*
*Келіп сізді қамайды,*
*Ой Түндік пен беліңді,*
*Баяғыдай еркін деп,*
*Сарыарқада қалмаңыз,*
*Сірә ғана шер енді.*
*Шүршіт келсе жарамас,*
*Ай-түйіңе қарамас.*
*Сай суындай сарқырап,*
*Қалай көшіп барасың.*
*Найман жатыр өріңде,*

*Қырғыз жатыр шөлінде.*
*Атың жатыр беліңде,*
*Түйең жатыр өлеңде,*
*Он сай Алаш билігі*
*Хан Абылай төреңде, деп толғаған...»* (Бұқар жырау, 1993: 34).

Сарыбел аталымы туралы әйгілі Иманжүсіп ақынның *Абылай аспас Арқаның Сарыбелі, Қуандық пен Сүйіндік жайлайды елі* жолы бар жыр шумағында айтылады. Жалпы тарихи деректерге сүйенгенде, сол XVII ғасыр аяғы мен XVIII ғасырдың басында Сарыарқада қой үстінде жұмыртқа ұялаған мамыражай кезең емес тұғын. Жан-жағынан анталаған сұм жаудың, батыс жағынан Ресей, шығыс жағынан мәнжу қаптап, екі бүйірден қысып жатқан уақыт.

Күншығыс Түркістанның жағдайы да қиынға соқты. Сол тұста күш алған кезінде тұрған Цин патшалығы жоңғарды қырғынға ұшыратып, ол жерді Шыңжан атап, Үлкен Жетісу деген ескі атын ұмыттырып, өлкені өзіне қаратып алады. Амурсананың өзі Қалмақ қызын алған жезделері Абылай хан мен Олжабай батырды жағалап келіп, дұшпаннан тығылып олардың қасында ұзақ қала алмай Ресейге кетуге мәжбүр болады. Нәтижеде Тобылда шешек ауруына шалдығып қайтыс болады. Әлікей Марғұланның мәліметіне сәйкес Абылай мен Олжабайдың Қытайға қарсы күш жинаған орны жоңғар тауындағы Талқы қамал еді. Қытайға қарсы жасалған жойқын соғысты қытай әскерлерімен бірге жүріп куә болған, және сәттерді қағазға түсіріп кеткен француз суретшісінің фотосуреттерінің көшірмесі Мәскеуде, Тарих музейінде сақтаулы (Марғұлан, 2021).

Қытай әскері Талқыға келіп одан қазақтың жеріне келіп, Амурсананы қайтаруды сұрайды. Атсыз қалған әскерлеріне ат беріп, мал сойып тойдыруға бұйрық береді. 1757 жылы Олжабай батыр қытай әскерлерін айламен бір жерге орнықтырып, хабарсыз қазақтың үш жүзінің батыр, атақты ерлерінен он сан қол жинап қытай әскеріне қарсы соғыс ашуға бел буады. Енді Амурсананың ізіне түселік деп қытай әскерін қырға шақырады. Сөйтіп қазақтар Шідерті өзенінің аңғарында қытай әскеріне қарсы соғыс ашып, оларды қоршап алып қырып тастайды. Бүгінде осы жер Қарағанды облысы Осакаровка ауданының күн шығыс аймағында орналасқан. Бұл жер атын Шүршітқырылған, Қандыадыр дейді. Олжабай қытай әскерлерін он сан қолымен қырып, елге аман оралғанда қазақтың үш жүзі қосылып батырға арнап ұлан асыр той беріп, Он сан Орта жүзге ұран болған ер Олжабай деп ат берген екен. Оның есімін Бұқар жырау Қалқаманұлы, және қазақ халқының біртуар ақын-жыраулары – Жаяу-Мұса мен Сақау ақын жырлаған. Көнекөз қариялар баяндаған тарихи әңгімелерді осы өңірде қазіргі ақсақалдар Болат Торбаев (Бұқар жыраудың тікелей ұрпағы), Көшер Әлімбаев (қанжығалы Жантай батырдың тікелей ұрпағы), Иса Олжабеков, Төлеген Ахметов (Ахмет молданың ұрпағы) айтып отырғанын жазып алдық (Алпысбес, 2023).

Халықтың ұжымдық тарихи жадысының бір маңызды ерекшелігі сол, ол сырт тарихи деректерде, мәселен, қытай мен орыс деректемелерінде жіті тарқатылып, онша көп айтыла бермейтін, қазақтың халық ортасынан шыққан тұлғалардың есімдерінің сақталуы. Халық шежіресі хан Абылай, ханның жанындағы атақты билер мен жүрек жұтқан батырлары жайлы, олардың ұрпағы туралы да баяндайды, мысалы, *Сүйіндік Күліктің Наурыз балалары Шобалай, Шұбай, Ақай, Түкей, Ерсембек, Мамек бар. Шобалайдан – Жаңабатыр би (ел ішінде Жаңке батыр дейді), Өміртай. Жаңке батырдың өзі ұзақ ғұмыр кешкен, жүз төрт жас өмір сүрген, және он төрт ұлдың атасы болғанда, тұқымдарының бәрі тегіс өскен-өнген, жетілген, жан-жаққа тараған. Абылай хан дәуіріндегі билердің ішіндегі маңдайалды бии ретінде танылған* деп Мәшһүр-Жүсіп әңгімелеген. Қаз дауысты Қазыбек би Келдібекұлы, тархан Шақшақұлы Жәнібек батыр, наймандағы қаракерейдің Қабанбайы, қанжығалы Ақшаұлы Бөгенбай батыр туралы Абылай хан өз заманында *Орта жүздің төрт тіреуі бар деп бағалаған*. Арғын Сүйіндікте де төрт тіреу бар деген, ол *Күлікте Шобалай батыр Наурызұлы, Айдабол пәлі Төлебай батыр Жанқозыұлы, Орманшыда Қарабай, Қаржастағы Мырзағұл батыр*. Сол замандағы алып ойлы, сом тұлғалар солар деп атайды.

Қолжазбасын дайындап кеткен Әлікей Марғұланның «Олжабай батыр» туындысында: Қалың қазақ жұртшылығы жаудан тепеіш көріп, бала-шағасы аш-жалаңаш қалып, тегіс босып кеткен уақытта, Ақтабан Шұбырынды – Алакөл Сұламада Кіші жүз қазақтары Ойыл, Қиыл, Жайық бойына, Орта жүз қазақтары үйреншікті Самарқанд, Бұқара жағына көшіп барып маза таппай, бір бөлігі Ырғыз бен Торғай бойына кетеді. Кейін арғын рулары жауды тұқыртып, қалын қолын шайқастарда жеңіп, өз ата қонысы, және ертеден құт болған аталарының ескі мекеніне оралып, Балқантау, Қу, Қазылық, Ой Түндік, Кен Қазылық, Мыржыққа, Көктау – Баянаулаға, Кәрітау – Ерейменге, Қарқаралыға, Көкшетауға оралады.

«*...Қолбасшы, ел ағасы Ер-Олжабай,*
*Жер-жерден қол жияды Ер-Бөгенбай.*
*Қарықабат, Қарауылы мен Найман, Керей,*
*Келеді қыпшақтан ол Ер-Қошқарбай.*

*Ақылды батыр кісі Сары-Баян,*
*Бәсентиінде Малай-Сары данышпан.*
*Шақшақұлы атақты Ер-Жәнібек,*
*Қаракесек қадірлі би Ер-Қазыбек.*
*Мейрамға ұран болған Ер-Олжабай.*

*Аралап Ер-Олжабай бәрін көрді,*
*Тауына Баянтаудың тағы келді.*
*Бетегеден ат жүрмес сондай шүйгін,*
*Бұл жерді талай жерден тәуір көрді,* - делінеді батырлық жырда (Алпысбес, 2005: 1).

Шежіре сөзін таркату үшін қажет маңызды нәрсе – оның тарихи қырларын, яғни жыл, ай мезгілдерін анықтап алу. Мысалы, 1739 ж. қара қалмақ шауып, неше кезек шабуылдаған ісіне қайта көшіп, қазақты тағы да тықсыруға күш салғанымен, хан Абылайдың ауыр қолы дұшпанға жеңіп шығуға мұрша бермеді. Бұл жайындағы дерек көз ретінде берілген шежірелік мәліметте, тарихи дастандағы дерекпен өзара байланыстыру маңызды. Тоқ етері, қазақ халқы бейбіт өмір сүрсін деген ниетпен екеуара тиімді еларалық қарым-қатынасты нығайтқысы келген іргеде ешқандай да көрші елдер болған жоқ. Мұны Мағжан ақын былай сипаттаған:

«*... Дұшпанның қалғандай боп табасына,*
*Арқаға аяқ салып, түскен барып,*
*Екі оттың – орыс, қытай арасына.*
*Күндерде сонау қара, тапсырған ел,*
*Тағдырын Абылайдай данасына.*

*Алыстан орыс, қытай – ауыр салмақ,*
*Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.*
*Артында ор, алдында – көр,*
*Дағдарған алаш енді қайда бармақ?!* - дегені де сондықтан (Жұмабаев, 2013: 275).

Олжабай Толыбай батыр ұлы (1709–1783) – әйгілі, айтулы батыр. Мәшһүр Жүсіптің шежірелік жазбаларында *Әулиелі Қызылтау баурайында Қалмаққырылған атты жер бар. Шойынды көл асуында тұрған Жасыбай батыр оққа ұшқан сәтсіздігінен соң Ер-Олжабай өзі бас болып, аттан салып, қара қалмақты сол Қалмаққырылған қуысына қуып барып, қойдай қамап, қалмақты ақырғы аямай қазақтың қырған жері сол тұс болған соң қалмақ қырылған деп жерді атаған. Сол қырғын оқиғасынан соң қалмақ Сарыарқаға қайта беттей алмаған. Бала Шідертінің басындағы Шұрштқырылған, Қандыадыр майданында қасиетті Көктауды ерекше ерлікпен жаудан босатқан Олжабай батыр, Жасыбай батыр, алайда*

*Жасыбай ажал құшып, ал Олжабай батыр аман қалып, сол Қазанауыздан бергі тау асуында тұрған* деп баяндаған (Көпеев, 1907).

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1907 жылы Қазанда баспадан жарыққа шығарған *Сарыарқа кімдікі екендігі туралы тарихи әңгіме* деген атпен жарыққа шыққан еңбегі қазақтың жерін қазаққа қорғап тұруға оңай болмағанын, сол жолда талай ерлер шәйт болғанын көрсетеді: *Күн батысында Сыр-Дария, күн шығар тұсында ұзынынан толқып құйылған Ұлы Ертіс, күнгей жағынан Кіші Жетісу, түндігінде Ұлы Еділ мен Жайық өзені. Бұл аралықтағы жерге қазақ халқы қайта оралғанда бұрыннан иесіз жатқан бір жерге келіп иеленген жоқ, ақ найза ұшымен, ақ білек күшімен қаракерей Қабанбай батыр, қанжығалы Ер-Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек батыр, тархан Шақшақұлы Жәнібек батырлар кезінде олар жаннан кешіп, ішер сусын орнына қызыл қан ішіп, шапқан жаудай алысып, жатпай сүргін салысып, күні-түні оқ атысып, сорғалаған қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не бір маңғаз сарбаздар жау жолында оққа ұшырап өлді, сөйтіп қайтарып алған жері еді,* - деп жазады (Көпеев, 1907.1: 2).

Кез келген мемлекет ниеті өз халқының тыныштығы мен елдің гүлденуі, адамзат баласының берекесі үшін құрылып жатса ізгі қадам ғой. Бірақ мемлекеттің жаулаушылық пен соғыс, тегін олжа іздеу мен аярлық жасау мақсатында құрылған болатын болса, ондай мемлекет түбінде өзіне де, өзгеге де қайғы, мұң болары анық. Тарихта солай болды да. Жоңғар хандығы, тарихи деректерде аталғанындай, торғауыт, дүрбіт, шорос, хошоут сияқты төрт ірі батыс моңғол ру-тайпасының әскери одағы ретінде құрылып, өзін *Догшин Зун-һарин хаана-улс, хаант-нутуг*, яғни мейірімсіз, құтырған, айбарлы Зуңгар хандығы деп аталды. Батор қонтайшы билік құрған 1635–1653 жылдары 1635 жылы Жоңғар хандығы құрылған соң, қалмақтың дұшпандық әрекеттері өрши түсті. Жоңғар хандығы көшпелі мемлекет болды.

Жоңғария билеушілері Кіші Жетісу мен Сыр бойын алса, күш алып келе жатқан Орыс мемлекеті Ібір-Сібірді, Орта Азияның әмірлік, хандық, бектіктермен тығыз байланыс орнатып, маңызды сауда торабын бақылауына қаратуды жоспарға алды. Ауғанстан, Иранға жол ашып халықаралық жүйеге белсене араласуды ойлады. Қазақ жерін, жазиралы даласын түгелдей жаулап, Жоңғар хандығы шекарасын нығайтып, бодандыққа түскен халықтан алым-салық жинау арқылы мемлекеттік ісін күшейте түспек еді. Қазақ жерінің шұрайлы кең алқаптарын жеке иеленіп, оңтүстік, оңтүстік-шығыстағы сауда орталықтарын біржолата өзіне қаратып алу еді.

Қазақ даласында орын алған тарихи оқиғалардың ішінде қазақ-жоңғар арасындағы соғыстар ерекше орын алады. Жетісу, Сарыарқа, Еділ-Жайық бойында орналасқан қазақ даласына кіріп келген қара қалмақ, құба қалмақ басқыншылығынан босату тарихына байланысты киелі жерлер көп. Жоңғар хандығы батыс бетіндегі Қазақ хандығын ғана емес, шығыстағы халхаларды да толығымен өз билігіне бағындыруды көздеп, сол үшін халхалар мен Цин патшалығы әскерлерімен соғысты (Алпысбес, 2005).

Қытай құжаттарының мәлімдеуінше, «Қазақтың бір-екі тұтқынын үйлеріне қайтарып жіберіп, хан Абылайға бұл жағдайды былайша түсіндірсін: «Қазақтың бір-екі тұтқынын үйлеріне қайтарып жіберіп, хан Абылайға бұл жағдайды былайша түсіндірсін: Ұлы патшадан күннің шұнақ аязды болуына орай әскерді шығару туралы әмір алдық. Егер Амурсананы бізге қайтарып бермесеңіз ендігі жылдың көктемінде тағы екі әскер жіберіп, еліңді толығымен жайратып, жоямыз. (Хафизова, 1995).

Жасыбай көлі жағасында даяр отырған Олжабай батыр қолы аттанып, шығыс-солтүстік тарапынан шүршітке келіп тиді, ал оңтүстіктен шанышқылы Бердіқожа батыр бастаған қол келіп дұшпанды екі бүйірден қысты. Абылай ханның қырық батыры бастаған ауыр қолы аянбай шабуылдады. Шыбынды көлі мен Бала Шідерті тұсында шүршіт апатқа ұшырады, екі түмен әскерден бар-жоғы екі мыңға толмайтындай тірі қалған. *Шүршіт қырылған* шайқасында жасақтар арасында оқта-текте қақтығыс болғанымен, екі тараптың әскері бетпе-бет келіп ұрыс салған майдан болмаған. Өйткені, шүршіттің негізгі қырғын тапқан басты себебі, азық-түліксіз, киім-кешексіз, қақаған аязда қалған әскердің суықтан келген өлімнен болып тұр. Бастапқыдағы Абылайдың соғыс стратегиясы да осыны көздеген болып тұр.

Қытай қолбасшыларының өздері хат есептерінде жазып көрсеткеніндей: *айналаның бәрі қу дала, еш пайда жоқ*.

Сөйтіп, Дардана мен Хадаха өте қиын жағдайға килікті, содан кейін қыстың алғашқы аяздары да келіп жетті. Бұл кезде қазақ жасағы тылдағы жауды айналып өтіп, оның азық-түлік пен оқ-дәрімен қамтамасыз етуге құрылған арнайы жасауыл әскери бөлімдерін талқандап, тонауға ұшыратты. Хан Абылай жауға қолданатын жаңа әскери тәсіл ретінде осындай шегініп отырып, жауды қолайсыз жерге қамау соғысын қолданды. Абылай ханның өмірі қазақтың басына күн туып, бір емес, бірнеше елдермен атап айтқанда, ақ қалмақпен, жоңғармен, қара қалмақпен үздіксіз соғысты басынан өткеріп жатқан кезеңде өтті. Бұл туралы Әздембай ақынның өлеңінде:

«*...Аралас қазақ пенен қалмақ жатты,*
*Қалмақтар қазақтарға салмақ сапты.*
*Ханы бір басты кісі болды-дағы,*
*Қазақты шауып алып, қарап жатты»*, - деп тарих шындығын суреттеген.

Абылай ханға байланысты тарихи дерек көздері ел іші мен шетел мұрағаттарындағы қорлар, жеке қорлар, естелік, ресми және бейресми құжаттар, фольклорлық, жазбаша және ауызша деректер мен хабарламалар т.б. болып жіктеледі. Мұнан басқа қазақ, қалмақ пен қырғыздардың шежірелерінде, қытай елшілерінің хабарлары мен орыс тілді ресми құжаттамаларда, сауда реестрлерінде айтылады. Абылайханның әділ, елдің қамын ойлаған ханға риза болған ақын-жыршылар хикая, дастандарына қосып толғанының бір мысалын төмендегі шежірелік дастаннан көруге болады:

«*...Абылай үкім шашты талай елге,*
*Тоқта! - деп әмір етті, осы жерге.*
*Орысша король, қазақша хан атанып,*
*Абылай жақсы жаман жетті шенге.*
*Жақсы хан Абылайдай табылмайды,*
*Абылайдың жақсы екенін білмегендер.*
*Ол лағнат Тәңірісін де танымайды,*
*Жүрсе-тұрса бағалы сондай қымбат.*
*Абылайды хан қойып, адам болып,*
*Біздің қазақ қалмақты болды қуып*», - дейді Әздембай ақын.

Елге адал қызмет еткен әділ басшы, халық бірлігін сақтайтын көсем деп Абылай ханды бірінші болып таныған да Бұқар жырау. Солай болды да. Абылай осы талапқа сай елдің бейбіт болашағы үшін өлімге бас тігіп, белін бекем буып қызмет етіп, жырға, дастанға түрткі болды. Абылайды қазақ халқы құрметтеген, Абылай да қазақты сүйген ер, қазақ үшін жан пида етуге дайын болған батыр. Абылайдың қазақты көтермелеп, қазатың еркін рухын дәріптеп сөйлейтін бір үлгісі Боғда Ежен ханға жазған хатынан-ақ байқалады. Абылай бұл хатында *қазақты асау мінезді атқа теңеп, кең жазиралы кеңістігінде емін-еркін өмір сүру қағида қылғанын, алайда оларды қатты қинап кетуге болмайды* деген. Абылай ханның ерлігін баяндайтын осы сияқты жыр, дастандар бар. Әздембай ақыннаң жазып қалдырған келесідей бір өлең жолдары да аса бағалы:

«*...Абылай келіп, қазаққа болды теңдік,*
*Абылайдың қызметіне атты желіп.*
*Қалмақтан кек алам деп аттанғанда,*
*Шұбырып жан пида ғып сонда ердік.*

*Қалмақпен соғыс қылды неше жылдай,*
*Ортаншы кеткен жоқ ұрыс қылмай.*
*Он бес ел Абылаймен ұрыс қылып,*
*Қалмақтар жап-жалаңаш шықты сырдай*», - дейді.

Қазақ батырлары бастаған шағын топтары шүршіттердің пайдаланатын білтелі мылтық пен зеңбіректің оқ-дәрілері дымқылдана түсетін түнде немесе таң атқан сәтте от қарулары жарамсыз болып қалғанда кенеттен шабуылдап, тұтқиылдан ұрыс жасауды жөн көрді. Осындай қоян-қолтық ұрыста қазаққа тең келер дұшпан болмады. Осы кезде халхалардың шүршітке қарсы толқуы күшейіп, Амурсана қанзаданың қаруласы Чынгунжава ноянының бастауымен көтеріліс орын алды. Чиаңлун халхалардың көтерілісін басу үшін әскерлерін Жоңғариядан шұғыл шығаруға мәжбүр болды. Жоңғардың ақырғы өлуі кейінге қалды, бірақ Шыңгунжав жеңіліп, халхалардың солтүстік-батысына, туған жерлеріне кетті. Осы сәтті пайдаланып, бет кері бұрмау үшін Чиаңлун қыркүйекте қазақ даласындағы шабуылды тоқтатып, әскерді халхалардың солтүстігіне қарай көшіруге бұйрық берді. Шегініп бара жатқан жауды қуа жөнелген қазақ батырлары да сол амалды қолданып: шағын топтарды шүршітті шабуылдап отырып, әп-сәтте кең далада ғайып болатын.

Баянауланың батысында жатқан Батпақ, Шыбынды көлдері, Жаман Қандыадыр, Жақсы Қандыадыр тұсында шүршіт әскері толығымен жойылып, шайқас болған жер кейін *Шүршіт қырылған (Қытайлардың қырылған жері* деп аталды. Қыркүйек айының аяғында осындай өткінші шайқастардың бірінде Абылайдың өзі де жамбас тұсынан найзадан жараланып, бұл туралы Абылайдың ұлысына Амурсанамен кездесуге келген орыс елшісі Каскинов мәлімдеме қалдырған.

Бүкіл қазақ халқының болашағы үшін өз тұсында қатерлі сынға айналған қытай боғда хан әскерлерімен болған шайқастардың да Баянауыл өңірінде өткені белгілі. Тарихтан белгілі, 1756 жылдың мамыр айында Қытай боғдахан Фу Дэнің қолбасшылығымен ондаған мың қытай әскері - қазақ жағы Қытайға Әмірсананы ұстап бермегені үшін - қазақ жеріне аттандырылған. Сол 1756 жылдың қыркүйегінде Қытайдың Дардана, Хадаха деген әскербасшылары қазақтармен соғыстағы ерлігі үшін Қытай мемлекетінің ең жоғары құрмет белгісі - екі көзді тауыс қауырсынымен марапатталған.

Абылай ханның қасындағы ақылшылары мен қолбасшыларының стратегиясында Цин әскерінің негізгі күшімен бетпе-бет келіп соғыспау, үлкен қақтығыстарға себеп болатын жағдайларға жол бермеу, яғни сырттан шұбырып келген шүршіт әскерін қиян дала табиғатының қатал қысына ұрындыру тактикасы көзделген. Сол батырлардың қатарында сол заманда ерекше аталатын: уақ Деріпсалы батыр, қыпшақ Жазы батыр, арғыннан Құлеке батыр, Жидебай батыр, Шоқпар батыр, Ақсары батыр, Шотана батыр, Бекше мерген және тағы басқалар болған. Ақмола облысының қазіргі Ерейментау ауданының жерінде орналасқан Олжабай батыр ауылының атауы үкімет органдарының шешімімен қалпына келтірілді. Ендігісі Олжабай батырдың ерекше ерлігімен танылған *Шүршітқырылған* шайқасы оқиғасына байланысты. Бұл *Шүршітқырылған* деген жер Баянаула аймағы, бүгін Қарағанды облысына қарасты Осакаровка ауданы жерінде тұр.

Сондықтан, негізінен Шүршітқырылған оқиғасының басты ұстанымы да сырттан келген Цин патшалығы әскерінің қыстың мезгіліндегі қақаған аяз, сақылдаған сарышұнақ үскірікте қырылып қалуында жатыр. Мұндай тәсілді қазақ жасақтары кейін де қолданған, мысалы 1771 жылғы *Шаңды жорық* оқиғасында Сарышығанақ тұсында бытырап қашқан құба қалмақтардың бір бөлігін Бетпақ Далаға қамап қойған соң, олардың көпшілігі ақыр-соңында шөлде қырғын тапты. Шүршіт-қырылған шайқас орнының тарихи-мәдени маңызы батыр қазақ халқының ата-бабалардан мұра болып сақталған атамекен жерді қорғаудағы тарихи тәлім ерекшелігімен айғақталады. Дегенмен, далалық экспедициялық зерттеу барысында жиналған мәліметтерге орай, таң алды мезгілінен бұрын Олжабай батыр бастаған қазақ жасақтары шүршіттердің бес мыңдық қолына шабуыл жасап, оларды толығымен қырғынға ұшыратқан. Мәліметке сай шайқас маңы бұл оқиғадан кейін Қандыадыр деп аталды дейді.

Ел азаттығын, жердің амандығын сақтау жолындағы қазақ халқының ел бастаған тұлғаларының, кемеңгер қас батырларының жауды еңсерудегі ерлігін, ержүректілігін паш етеді. Қасиетті қазақ жеріне көз тіккен пасық дұшпандардың арам ниетінің жүзеге аспауына тосқауыл қойған, жаудың қара ниетін әуел бастан танып біліп, ел басына күн туған ауыр сәтте дұрыс шешім таба білген елдің данышпан абыз-жыраулары, ақылды қариялары, ел ақсақалдарының қасиеті екені белгілі.

1756–1757 жылдары ойрат-қалмақ апатқа душар болғаннан кейін, қазақты мазалаудан қойды. Қазақ жасақтары әбден титықтатқан Жоңғар хандығы шүршіттің қанды қырғынына түсіп жойылды. Сонымен, қазақ - жоңғар арасындағы соғыс қазақтың дарқан даласындағы басынан өткізген негізгі тарихи оқиға болғанмен, оның соңы қазақ-цин қарым-қатынастарына айналды. Себебі, 1635–1755 жылдары аралығында 120 жыл қатарынан өмір сүрген Жоңғар хандығы мемлекеті, ақыр соңында быкпырт тауып, әлем картасынан ел ретінде жойылды.

**Қорытынды**

Қазақ халқының әскери-саяси тарихында даңқты сәттері де көп, жоңғар шапқыншылығынан ел мен жерді қорғауда ерекше ерлік көрсеткен батырлары да аз болмаған. Қазақ батырларының ерлік тарихы бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттілігінің нығаюына, қазіргі ұрпақтың отаншылдық сезімдерін тәрбиелеуге қызмет етуі тиіс. Олжабай батырдың әкесінің есімі тарихи топонимика деректері көрсетіп отырғандай, географиялық атау ретінде сақталған. Мәселе – қазіргі Павлодар қаласынан қырық шақырым қашықтықта орналасқан Толыбай көлінің атын ресми түрде қайтару. Сол жерде орналасқан Толыбай батырдың қабіріне және Олжабай батырдың жатқан жеріне зәулім мемориалды ескерткіш орнату қажет.

Бүгінгі таңда қазақ ұлтының басынан өткізген тарихи, мәдени, саяси оқиғалармен тығыз байланысты киелі мекендер, орындар, тарихи ескерткіштер, тарихи және мәдени маңызы бар ландшафтар қасиетті әрі маңызды нысандар болып табылады.

Қазақ елінің әрбір қаласында қазақтың белгілі батырлары – Бөгенбай, Қабанбай, Қарасай, Наурызбай батырлардың есімдерімен көшелер, алаңдар мен даңғылдардың аталуының бүгінгі ұрпақ үшін тәрбиелік мәні зор шара. Сол батырлардың есімі қатарында Жасыбай батыр, Малайсары, Жазы, Қошқарбай, Олжабай батырлардың есімі де ұмыт болмауы тиіс. Әсіресе, бұл шаралар Қазақстанның ірі орталық қалаларының ортасында болуы шарт. Олжабай батыр Толыбайұлы тәрізді даңқты батырлардың ерлігін дәріптеуге арналған зерттеулер жасау, мақалалар, көркем шығармалар мен кітаптар жазу, кинофильмдер түсіру арқылы қадірлі бабаларымыздың есімін ұрпақ жадында сақтау мүмкін. Солардың барлығының жүзеге асуына аса тілектеспін.

Бұл мәдени мұралар жалпы ұлттық маңызға ие, қазақ халқы үшін құнды. Тарихи сана мен тарихи жады кешеніне жататын ескерткіштер мен жәдігерлерге көптеген объектілер кіреді. Ал қасиетті деп саналатын нысандардың қатарына ата-бабалардың жүниетанымына, мифологиялың әлем келбетінде ерекше орын алатын Қазақстанның эко ортасында орналасқан жер, тау, өзен, көл мен теңіздер де табиғи ескерткіштерге жатады. Мұнан басқа тарихи - археологиялық ескерткіштер мен артефактілер қазақ басынан өткерген сан алуан оқиғаларына куә. Оларға көне қалалар, қоныс орындары, керуен және сауда жолдары, бекіністер, қорықтар мен қоса егіндік пен жайылмалы жерлер т.б. кіреді.

Тарихи кезең тұрғысынан алғанда тарихи жады үшін маңызды болып табылатын аңыздар арқылы қалыптасқан зиярат орындары, ғибадат объектілері мен қасиетті нысандар қазақ халқының мемлекет болуына еңбегі сіңген хан, би, батыр, ағартушы, мәдениеті, ғылымы мен білімінің дамуына үлес қосқан ақын, ағартушы, ғұлама, ишан мен молдалардың есімдерімен байланысты болуы тиіс. Қазақстандағы этно туризмді дамыту үшін әулие феноменімен байланысты бірегей тұлғалардың есімдеріменен қалыптасқан аңыз, эпос, жыр мен дастандарға арқау болған тәу етер ғибадат объектілері, табиғи үңгір, зиярат етілетін объектілері т.б. қорғауға алынып, жәдігер ретінде сақталуы тиіс.

Елдің бірлігінің символы тектес хан ордасы, ашаршылық, жұт, соғыс пен шайқас болған жерлер, ұлт азаттық қозғалысының орындары қазақтың тарихи ой-сананың тұтастығын қамтамасыз етуге, елдің басын қосуға, ұлттық рухтың оянуына себеп болатын орындар.

Осыларды ескере отырып, Шүршітқырылған шайқасының тарихи орны деп танылған Сарыбел биігіне қазақ жасағы ерлігінің жәдігері ретіндегі мәдени-тарихи ескерткішін көрсететін стелла орнатылып, жер қорғаудағы ерлікті насихаттайтын қызметті атқарар еді.

**Әдебиеттер**


Алпысбес, 2005 — *Алпысбес М.А.* Шежире, исторические и генеалогические знания в фольклорном наследии дореволюционных исследователей // Сб. матер. междунар. конф. посв. 170-летию Г.Н. Потанина. Павлодар: ПГУ имени С. Торайгырова, 2005. С. 156–162.

Алпысбес, 2005.1 — *Алпысбес М.А.* Этническая генеалогия казахов в контексте народного знания, идеологической и исторической традиции // Ррссия, Сибирь и Центральная Азия: взаимодействие народов и культур: Мат. V-ой междунар. конф. // Барнаул, 2005. С. 107–113.

Алпысбес, 2023 — *Алпысбес М.А.* Қасиетті жер аты – қазақ халқының жадысы, 2023. // URL: https://e-history.kz/kz/news/show/339575 (қараған күні: 24.02.2025)

Алпысбес, т.д., 2005 — *Алпысбес М.А., Аршабеков Т.Т., Қасен Е.Б., Кейкі Е.* Көне Көктау, байырғы Баянаула байтағының тарихы. Астана: Парасат әлемі, 2005. 480 б.

Артықбаев, 2019 — *Артықбаев Ж.О.* Қанды адыр немесе Шүршіт қырылған құпиясы, 2019. // URL: https://e-history.kz/kz/news/show/2097 (қараған күні: 24.02.2025).

Ахметов, 2022 — Сұхбат беруші жергілікті өлкетанушы *Ахметов Мұрат*, Молодежный кенті. Қарағанды облысы, 2022. 5 с.

Бияров, 2013 — *Бияров Б.* Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. Астана: Ш.Шаяхметов атын. Тілдерді дамытудың республ. Үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2013. 432 б.

Бұқар жырау, 1993 — *Бұқар жырау Қалқаманұлы*. Ай, Абылай, Абылай! Толғаулар. Алматы: Жалын, 1993. 96 б.

Еженханұлы, 2017 — *Еженханұлы Б.* Қожаберген батыр (1756–1767 жылдарда қалыптасқан мәнжу-қытай мұрағат құжаттары негізінде). Алматы: Arys. 2017. 496 б.

Жұмабаев, 2013 — *Жұмабаев М.Б.* Шығармалары. 1-ші том. Алматы: Жазушы, 2013. 376 б.

Кенжеахмет, 2016 — *Кенжеахмет Н.* Қытайдың көне карталарындағы Орта Азия және Қазақстан // Mäŋğilik el халықар. конф. матер. (11 қыркүйек 2015 жыл) / Б.Ғ. Аяған редакциясымен. Астана: Мемлекет тарихы институты, 2016. 753–766 бб.

Көпеев, 1907 — *Көпеев Юсуф*. Сарыарқаның кімдікі екендігі. Тарихи әңгіме. (араб жазуы). Қазан: Типография Шарф, 1907. 30 б.

Көпеев, 1907.1 — *Көпеев Юсуф*. Сарыарқаның кімдікі екендігі. Тарихи повесть. (араб жазуы). Қазан: Типография Шарф, 1907. 30 б.

Кузнецов, 1983 — *Кузнецов В.С.* Цинская империя на рубежах Центральной Азии (вторая половина XVIII в. – первая половина XIX в.). Новосибирск: Наука СО, 1983. 127 с.

Қазақ хандығы мен Цин патшалығы, 2009 — Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары / Құраст. *Еженханұлы Б.* Алматы: Дайк-Пресс, 2009. Т. I. 255 б.

Марғұлан, 2021 –– *Марғұлан Ә.Х.* Олжабай батыр (зерттеулер, мақалалар, тарихи жырлар). Алматы: Press Co баспасы, 2021. 360 б.

Материалы по киргизскому землепользованию, 1908 — *Материалы по киргизскому землепользованию*. Том 4. Павлодарский уезд. Воронеж: Лито-Топография В.И. Исаева, 1908.

Сыламханұлы, 2019 — *Сыламханұлы Е.* Қазақ хандығы мен Цинь империясы арасында жазысқан шағатай жазуындағы хаттар // Uluslararası Türkçe Tarihî Metin Araştırmaları Sempozyum Kitabı. Алматы, Қожа Ахмет Яссауи Университеті, 2019. 411 б.

Халид, 1992 — *Халид Құрбанғали,* Тауарих хамса: (Бес тарих) / Ауд. Б.Төтенаев, А.Жолдасов. Алматы: Қазақстан, 1992. 5 б.

Хафизова. 1995 — *Хафизова К.Ш.* Китайская дипломатия в Центральной Азии. XIV–XIX вв. Алматы: Ғылым, 1995. 288 с.


**References**


Ahmetov, 2022 — Sūhbat beruši žergílíktí ölketanušy *Ahmetov Mūrat*, Molodežnyj kentí [Interviewer local historian Akhmetov Murat, Molodezhny settlement]. Qarağandy oblysy, 2022. 5 p. (In Kaz.).

Alpysbes, 2005 — *Alpysbes M.A.* Šežire, istoričeskie i genealogičeskie znaniâ v fol’klornom naslediyi dorevolûcionnyh issledovatelej [Shezhire, historical and genealogical knowledge in the folklore heritage of pre-revolutionary researchers] // Sb. mater. meždunar. konf. posv. 170-letiû G.N. Potanina. Pavlodar: PGU imeni S. Torajgyrova, 2005. Pp. 156–162. (In Kaz.).

Alpysbes, 2005.1 — *Alpysbes M.A.* Etničeskaya genealogiâ kazahov v kontekste narodnogo znaniâ, ideologičeskoj i istoričeskoj tradicii [Ethnic genealogy of Kazakhs in the context of national knowledge, ideological and historical tradition] // Rossiya Sibir i Centralnaya Aziya: vzaymodeystviye narodov i kultur: Mat. V-oj meždunar. konf. Barnaul, 2005. Pp. 107–113. (In Russ.).

Alpysbes, 2023 — *Alpysbes M.A.* Qasiettí žer aty – qazaq halqynyň žadysy [The name of the Holy Land – memory of the Kazakh people], 2023. // URL https://e-history.kz/kz/news/show/339575 (qarağan küní: 24.02.2025) (In Kaz.).

Alpysbes, et. al, 2005 — *Alpysbes M.A., Aršabekov T.T., Qasen E.B., Kejkí E.* Köne Köktau, bajyrğy Baânaula bajtağynyŋ tarihy [Ancient Koktau, history of the ancient Bayanaul baytak]. Astana: Parasat älemi, 2005. 480 p. (In Kaz.).

Artyqbaev, 2019 — *Artyqbaev Ž.O.* Qandy adyr nemese Shürshit qyrylğan qupiyası [The secret of the bloody slug or Shurshy shaved], 2019. // URL https://e-history.kz/kz/news/show/2097 (Qarağan küní: 24.02.2025). (In Kaz.).

Biârov, 2013 — *Biârov B.* Qazaq toponimderíníň tiptík ülgílerí [Typical examples of Kazakh toponyms]. Astana: Sh. Shayahmetov atyn. Tílderdí damytudyň respubl. üjlestíru-ədístemelík ortalyğy, 2013. 432 p. (In Kaz.).

Bukhar zhyrau, 1993 — *Bukhar zhyrau Kalkamanovich.* Ai, Abylai, Abylai! [Abylai, Abylai!] Reflections. Almaty: Zhalyn, 1993. 96 p. (In Kaz.).

Eženhanūly, 2017 — *Eženhanūly B.* Qožabergen batyr (1756–1767 žyldarda qalyptasqan mänju-qytaj murağat qūjattary negízínde) [Kozhabergen batyr (based on Manju-Chinese archival documents formed in 1756–1767)]. Almaty: Arys. 2017. 496 p. (In Kaz.).

Hafizova. 1995 — *Hafizova K.Š.* Kitajskayâ diplomatiâ v Centralnoj Azii [Chinese diplomacy in Central Asia]. XIV–XIX vv. Almaty: Ğylym, 1995. 288 p. (In Russ.).

Halid, 1992 — *Halid Qūrbanğali.* Tauarih hamsa: (Bes tarih) [Tawarih Hamsa: (five histories)] // Aud. B. Tötenaev, A. Žoldasov. Almaty: Qazaqstan, 1992. 5 p. (In Kaz.).

Kenžeahmet, 2016 — *Kenžeahmet N.* Qytajdyň köne kartalaryndağy Orta Aziâ jäne Qazaqstan [Central Asia and Kazakhstan on ancient maps of China] // Mäŋğilik el halyqar. konf. mater. (11 qyrküjek 2015 žyl) / B.Ğ. Ayâğan redakciâsymen. Astana: Memleket tarihy instituty, 2016. 812b. B. 753–766. (In Kaz.).

Köpeev, 1907 — *Köpeev Ûsuf.* Saryarqanyň kímdíkí ekendígí. Tarihi äŋğime [Who Saryarka belongs to. Historical story]. (arab žazuy). Qazan: Tipografiâ Šarf, 1907. 30 p. (In Kaz.).

Köpeev, 1907.1 — *Köpeev Ûsuf.* Saryarqanyň kímdíkí ekendígí. Tarihi povest' [Who Saryarka belongs to. Historical narrative]. (arab žazuy). Qazan: Tipografiâ Šarf, 1907. 30 p. (In Kaz.).

Kuznecov, 1983 — *Kuznecov V.S.* Cinskaâ imperiâ na rubežah Central'noj Azii [The Qing Empire on the borders of Central Asia] (vtoraâ polovina XVIII v. – pervaâ polovina HÍH v.). Novosibirsk: Nauka SO, 1983. 127 p. (In Russ.).

Marğūlan, 2021 — *Marğūlan A.H.* Olžabaj batyr (zertteuler, maqalalar, tarihi žyrlar) [Olzhabay batyr (research, articles, historical poems)]. Almaty: Press Co baspasy, 2021. 360 p. (In Kaz.).

Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovani, 1908 — *Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniū* [Materials on Kyrgyz land use] // Tom 4. Pavlodarskij uezd. Voronež: Lito-Topografiâ V.I. Isaeva, 1908. 5 p. (In Russ.).

Qazaq handygy men Cin patšalyğy, 2009 — *Qazaq handyġy men Cin patšalyğynyň* saâsi-diplomatiâlyq qatynastary turaly qytaj mūrağat qūjattary [Chinese archival documents on political and diplomatic relations between the Kazakh Khanate and the Qing Kingdom] / Qūrast. Eženhanūly B. Almaty: Dajk-Press, 2009. Vol. I. 255 p. (In Kaz.).

Sylamhanūly, 2019 — *Sylamhanūly E.* Qazaq handyğy men Cin imperiâsy arasynda žazysqan šağataj žazuyndağy hattar [Letters in Chagatai script, which corresponded between the Kazakh Khanate and the Qin Empire] // Uluslararası Türkçe Tarihî Metin Araştırmaları Sempozyum Kitabı. Almaty, Qoža Ahmet Âssaui Universitetí, 2019. 411 p. (In Kaz.).

Žūmabaev, 2013 — *Žūmabaev M.B.* Šyğarmalary [Works]. 1 tom. Almaty: Žazušy, 2013. 376 p. (In Kaz.).

## МАЗМҰНЫ

### ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

**Алпысбес М.А.**
ШҰРШІТҚЫРЫЛҒАН ШАЙҚАСЫ ХАЛЫҚТЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫСЫНДА…………………………...…....327
**Ногайбаева М.С., Шакирбаева И.Т.**
КЕЙІНГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ……….…343

### ТАРИХ

**Адилова Ф.А., Колумбаева З.Е., Серубаева А.Т.**
ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ҚАРҚАРАЛЫ ПЕТИЦИЯСЫНДАҒЫ
ДІН МӘСЕЛЕСІ (XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы)…………………………………………………………………..356
**Азирбекова А.Ж., Абишева Ж.Р.**
ГЕРЖОД ІСІ: АШЫЛМАҒАН АҚИҚАТ……………………..................................................................367
**Алпыспаева Г.А., Жұман Г., Аубакирова Х.А.**
XX ҒАСЫРДЫҢ 50–80-ші ЖЖ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕКТЕП БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДІНГЕ ҚАРСЫ ТӘРБИЕ: ТАРИХИ ТАЛДАУ……………………......................................................................................382
**Бекмағамбетова М.Ж., Бекмағамбетов Р.К., Бимолданова А.А.**
1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ
МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ «ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАТЕЛІКТЕР»……………………….......................399
**Белялова А., Қаипбаева А.Т.**
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ ЭТНИКАЛЫҚ
ТОПТАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ (1931–1933 жж.)………………………………………………………………..…….415
**Дүйсембаева Н.Б., Жұматай С.**
XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ «МАМАНИЯ» МЕКТЕБІНІҢ ОРНЫ……………………….……427
**Жолсеитова М.А.**
ОТАРЛЫҚ БИЛІК КОНТЕКСІНДЕГІ МҰСЫЛМАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ:
САЯСИ СТРАТЕГИЯЛАР МЕН ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ДИСКУРСТЫҢ ҒЫЛЫМИ ТАЛДАУЫ………………..…442
**Қаипбаева А.Т., Әбікей А.М.**
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1931–1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАППАЙ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІНЕ ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ……………………….....................................................................................................456
**Легкий Д.М., Турежанова С.А., Нурушева Г.К.**
ҚАЗАҚ КСР-ІНДЕГІ МҰҒАЛІМДЕР ДАЯРЛАУ
ТАРИХЫНАН (1950 ЖЫЛДАРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ)…………………….........................................471
**Мәлікова С.З., Абуов Н.А.**
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУЖӘНЕ АШТЫҚ ТАРИХЫ……………………………488
**Мұқанова Г.Қ., Ахметжанова А.Т.**
ДАЛА ОБЛЫСТАРЫНЫҢ УЕЗДІК БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ НАРАЗЫЛЫҚ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫ. XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ…………………………………..……501
**Мұхатова О.Х.**
АШТЫҚ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОРҒАНСЫЗ БАЛАЛАР ЖАҒДАЙЫ……………………………………....……516
**Сағнайқызы С., Сартаев С.А., Нусупбаева С.А.**
ТҰРАҚТЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕТ ДАЙЫНДАУ МЕН ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ (1927–1932)……………………….............................................................531
**Сүлейменова Қ., Дауытбекова М.Қ., Құрманалина Н.Н.**
ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ОРНЫ (XVIII Ғ.)…………………...543
**Хайдаров Е.Е.**
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ
ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҒЫ (1928–1932 жж.)……………………..................................................................559
**Эгамбердиев М.Ш., Тургунбаев Е.М.**
ИМПЕРИЯЛЫҚ МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ДІНИ ТРАНСФОРМАЦИЯ……**575**

### ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

**Нұрланқызы Г., Бекназаров Р.А.**
АҚТӨБЕ – ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ҚАЛА (1869–1946 ЖЖ.): ТАРИХИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ……...…589
**Хабибуллин Е.И., Асылғожин А.Р., Рыскильдин А.Х.**
ГЕНЕТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР БОЙЫНША БАШҚҰРТТАРДЫҢ ҚЫПШАҚ ЖӘНЕ
ТУЫСҚАН РУЛАРЫ (ТАЙПАЛАРЫ)……………………….........................................................................603

## СОДЕРЖАНИЕ


### ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

**Алпысбес М.А.**
БИТВА ШУРШУТКЫРЫЛГАН В ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ НАРОДА……………………………………327
**Ногайбаева М.С., Шакирбаева И.Т.**
ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛЬНОГО СТАТУСА В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ ПОЗДНЕГО СРЕДНЕВЕКОВЬЯ…343

### ИСТОРИЯ

**Адилова Ф.А., Колумбаева З.Е., Серубаева А.Т.**
РЕЛИГИОЗНЫЙ ВОПРОС В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ
В КАРКАРАЛИНСКОЙ ПЕТИЦИИ (конец XIX – начало XX вв.)……………………….....................................356
**Азирбекова А.Ж., Абишева Ж.Р.**
ДЕЛО ГЕРЖОДА: НЕРАСКРЫТАЯ ПРАВДА……………………….......................................................................367
**Алпыспаева Г.А., Жуман Г., Аубакирова Х.А.**
АНТИРЕЛИГИОЗНОЕ ВОСПИТАНИЕ В СИСТЕМЕ ШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА В 50–80-Е ГГ. XX ВЕКА: ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ……………………….......................................................382
**Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К., Бимоланова А.А.**
«ИДЕОЛОГИЧЕСКИЕ ОШИБКИ» В ШКОЛЬНЫХ УЧЕБНИКАХ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ В 1950-Е ГОДЫ……………………….......................................................................................................................399
**Белялова А., Каипбаева А.Т.**
ПОЛОЖЕНИЕ ЭТНИЧЕСКИХ ГРУПП В КАЗАХСТАНЕ В ГОДЫ ГОЛОДА (1931–1933 гг.)…………………415
**Дуйсембаева Н.Б., Жуматай С.**
МЕСТО ШКОЛЫ «МАМАНИЯ» В ОБРАЗОВАНИИ НАЧАЛА XX ВЕКА…………………………………….…427
**Жолсеитова М.А.**
МУСУЛЬМАНСКАЯ СИСТЕМА ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ КОЛОНИАЛЬНОЙ ВЛАСТИ: НАУЧНЫЙ АНАЛИЗ ПОЛИТИЧЕСКИХ СТРАТЕГИЙ И ИДЕОЛОГИЧЕСКОГО ДИСКУРСА……………………….…442
**Каипбаева А.Т., Абикей А.М.**
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР ПРОБЛЕМЫ МАССОВОГО ГОЛОДА
1931–1933 ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ……………………….......................................................................................456
**Легкий Д.М., Турежанова С.А., Нурушева Г.К.**
ИЗ ИСТОРИИ ПОДГОТОВКИ УЧИТЕЛЬСКИХ КАДРОВ
В КАЗАХСКОЙ ССР (ПЕР. ПОЛ. 1950-Х ГГ.)……………………….......................................................................471
**Маликова С.З., Абуов Н.А.**
ИСТОРИЯ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И ГОЛОДА В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ…………………………………488
**Муканова Г.К., Ахметжанова А.Т.**
ПРОТЕСТНЫЕ ПУБЛИКАЦИИ КАЗАХСКИХ ИНТЕЛЛЕКТУАЛОВОБ УЕЗДНОМ УПРАВЛЕНИИ СТЕПНЫХ ОБЛАСТЕЙ. РУБЕЖ XIX–XX ВЕКОВ……………………….........................................................501
**Мухатова О.Х.**
ПОЛОЖЕНИЕ БЕСПРИЗОРНЫХ ДЕТЕЙ В ГОДЫ ГОЛОДА……………………………………………….…516
**Сагынайкызы С., Сартаев С.А., Нусупбаева С.А.**
УСТОЙЧИВОЕ СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО: СВЯЗЬ МЕЖДУ ЗАГОТОВКОЙ МЯСА И ПРИНЦИПАМИ ЗЕЛЕНОЙ ЭКОНОМИКИ В КАЗАХСТАНЕ (1927–1932)……………………….............................................531
**Сулейменова К., Дауытбекова М.К., Курманалина Н.Н.**
РОЛЬ КАЗАХСКИХ БАТЫРОВ В ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЯХ (XVIII В.)………………………..543
**Хайдаров Е.Е.**
КОЛЛЕКТИВИЗАЦИЯ И НАРОДНЫЕ ПРОТЕСТЫ
В ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ (1928–1932 гг.)……………………….........................................559
**Эгамбердиев М.Ш., Тургунбаев Е.М.**
РЕЛИГИОЗНАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ
В УСЛОВИЯХ ИМПЕРСКОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ……………………….........................................................575

### ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

**Нурлановна Г., Бекназаров Р.А.**
АКТОБЕ – ПОЛИЭТНИЧЕСКИЙ ГОРОД (1869–1946):
ИСТОРИКО-ЭТНОГРАФИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ……………………….................................................589
**Хабибуллин Е.И., Асылгужин А.Р., Рыскильдин А.Х.**
КИПЧАКСКИЕ И СВЯЗАННЫЕ С НИМИ КЛАНЫ (ПЛЕМЕНА) БАШКИР ПО ДАННЫМ ГЕНЕТИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ……………………….......................................................................................................603

## CONTENTS


### HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

**Alpysbes M.A.**
THE BATTLE OF THE SHURSHITQYRYLGAN IN THE HISTORICAL MEMORY OF THE PEOPLE…………327
**Nogaybayeva M.S., Shakirbayeva I.T.**
PROBLEMS OF SOCIAL STATUS IN LATE MEDIEVAL KAZAKH SOCIETY…………………………………343

### HISTORY

**Adilova F.A., Kolumbaeva Z.E., Serubayeva A.T.**
THE PROBLEM OF RELIGION THE KARKARALIN PETITION
IN THE KAZAK STEPPE (late XIX-early XX th centuries)……………………………………………356
**Azirbekova A.J., Abisheva J.R.**
GERZHOD'S CASE: THE UNREVEALED TRUTH……………………………………………………367
**Alpyspaeva G., Zhuman G., Aubakirova H.**
ANTIRELIGIOUS UPBRINGING IN THE SCHOOL EDUCATION SYSTEM OF KAZAKHSTAN IN THE 1950–1980s OF THE 20th CENTURY: HISTORICAL ANALYSIS…………………………………382
**Bekmagambetova M.Zh., Bekmagambetov R.K., Bimolanova A.A.**
"IDEOLOGICAL MISTAKES" IN SCHOOL TEXTBOOKS OF KAZAKH LITERATURE IN THE 1950S……….399
**Belyalova A., Kaipbayeva A.T.**
THE SITUATION OF ETHNIC GROUPS IN KAZAKHSTAN DURING THE FAMINE (1931–1933)…………….415
**Duisembayeva N.B., Zhumatay S.**
THE PLACE OF THE "MAMANIYA" SCHOOL IN EDUCATION IN THE EARLY XX CENTURY………………427
**Zholseitova M.**
MUSLIM EDUCATION SYSTEM IN THE CONTEXT OF COLONIAL POWER: A SCIENTIFIC ANALYSIS OF POLITICAL STRATEGIES AND IDEOLOGICAL DISCOURSE……………………………………………442
**Kaipbayeva A.T., Abikey A.M.**
HISTORIOGRAPHICAL REVIEW OF THE PROBLEM OF MASS FAMINE
IN 1931–1933 IN KAZAKHSTAN……………………………………………………………………456
**Legkiy D.M., Nurusheva G.K., Turezhanova S.A.**
FROM THE HISTORY OF TRAINING TEACHERS IN THE KAZAKH SSR…………………………………471
**Malikova S.Z., Abuov N.A.**
HISTORY OF COLLECTIVIZATION AND FAMINE IN NORTHERN KAZAKHSTAN…………………………488
**Mukanova G.K., Akhmetzhanova A.T.**
PROTEST PUBLICATIONS OF THE KAZAKH INTELLECTUALSABOUT THE DISTRICT ADMINISTRATIONOF THE STEPPE REGIONS. THE TURN OF THE XIX–XX CENTURIES……………………501
**Mukhatova O.Kh.**
THE SITUATION OF STREET CHILDREN DURING THE YEARS OF FAMINE…………………………………516
**Sagnaikyzy S., Sartaev S.A., Nusupbaeva S.A.**
SUSTAINABLE FARMING: LINKS BETWEEN MEAT PROCUREMENT AND GREEN ECONOMY PRINCIPLES IN KAZAKHSTAN (1927–1932)……………………………………………………………………531
**Suleimenova K., Dautbekova M.K., Kurmanalina N.N.**
THE ROLE OF KAZAKH BATYRS IN DIPLOMATIC RELATIONS (XVIII CENTURY)…………………………543
**Khaidarov E.E.**
COLLECTIVIZATION AND POPULAR PROTESTS IN THE WEST KAZAKHSTAN REGION (1928–1932)…….559
**Egamberdiyev M.Sh., Turgunbayev Ye.M.**
RELIGIOUS TRANSFORMATION IN KAZAKH SOCIETY UNDER IMPERIAL MODERNIZATION…………575

### ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

**Nurlanovna G., Beknazarov R.A.**
AKTOBE – A POLY-ETHNIC CITY (1869–1946): HISTORICAL AND ETHNOGRAPHIC STUDY………………589
**Khabibullin E., Asylguzhin A.. Ryskildin A.**
KIPCHAK AND RELATED CLANS (TRIBES) OF THE BASHKIRS ACCORDING
TO GENETIC RESEARCH DATA…………………………………………………………………………603

**ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”**
2025. 12 (2)
*Бас редактор:*
*Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:*
Копеева С.Ж.

*Құрылтайшысы және баспагері:*
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй